

"2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 7 желтоқсандағы № 823 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 7 наурыздағы № 117 қаулысы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 41-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 7 желтоқсандағы № 823 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген 2018 жылға арналған мемлекеттік тапсырмалардың тізбесі:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115 және 116-жолдармен толықтырылсын:

"

103	Денсаулық сақтау саласындағы статистикалық бақылаулардың деректерін жинау және өңдеу, стационарға жоспарлы емделуге жатқызуды ұйымдастыру, республикалық және өңірлік емдеуге жатқызу бюросының қызметін ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтер	Денсаулық сақтау саласындағы медициналық статистикалық деректерді жинауды, өңдеуді, сақтау мен талдауды, оның ішінде медициналық қызметке ақы төлеу бойынша мемлекеттік органның қызметін қамтамасыз ету үшін ақпаратты жинауды, өңдеуді, сақтауды, талдау мен ұсынуды ұйымдастыру; тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде стационарға емделуге жоспарлы жатқызуды ұйымдастыру және Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің шеңберінде республикалық және өңірлік емделуге жатқызу бюросының қызметін ұйымдастыру	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	"Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы" ШЖҚ РМК	001 "Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру" 100 "Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету"
		Медициналық-санитариялық алғашқы көмек бойынша			

104	Қазақстан Республикасының Алматы қаласында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының медициналық-санитариялық алғашқы көмек жөніндегі географиялық жағынан қашық орналасқан кеңсесінің қызметін қамтамасыз ету	географиялық жағынан қашық орналасқан кеңсе қызметінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету, атап айтқанда Еуропалық Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына мүше мемлекеттерге жоспарлауда, өңірлік тәжірибені жүйелеуде консультациялық-техникалық қолдау мен жағдай жасау және мүше мемлекеттердің арасында медициналық-санитариялық алғашқы көмек бойынша білім беруге көмектесу	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	"С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" ШЖҚ РМК	001 "Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру" 100 "Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету"
105	Трансплантология саласында үйлестіру жүйесін құру бойынша қызметтер	Қазақстан Республикасында ағзалық донорлықтың тиімді ұлттық жүйесін құру және трансплантология ғылымын дамыту	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	"Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық" ШЖҚ РМК	001 "Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру" 100 "Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету"
106	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 –2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының және "Қазақстан-2050" даму стратегиясында белгіленген денсаулық сақтау саласындағы стратегиялық бағыттардың іске асырылуын әдіснамалық сүйемелдеу және мониторинг жүргізу	Ағымдағы кезеңде денсаулық сақтау жүйесінде жүргізіліп жатқан реформаларды талдау, денсаулық сақтау саласын дамытуды мемлекеттік реттеудің қазіргі саясатын және денсаулық сақтау саласын дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды іске асыру нәтижелерін талдау	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	"Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы" ШЖҚ РМК	001 "Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру" 103 "Социологиялық, талдамалық зерттеулер жүргізу және консалтингтік қызметтер көрсету"
107	Денсаулық сақтау саласында кейбір бағдарламалық кешендерді және электрондық тіркелімдерді (ақпараттық жүйелерді) сүйемелдеу, Қазақстан Республикасының ұлттық телемедицина желісін пайдалануды қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтер	Қауіпсіз, әділ, сапалы және тұрақты денсаулық сақтау жүйесін қамтамасыз ететін уақтылы, өзекті, нақты және толыққанды ақпаратты автоматтандырылған түрде алу мүмкіндігін қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	"Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы" ШЖҚ РМК	001 "Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру" 104 "Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету"

108	<p>Электрондық денсаулық сақтауды дамытудың функционалдық және институционалдық тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті көрсету</p>	<p>Электрондық денсаулық сақтауды реформалауға, сондай-ақ ұзақ мерзімді IT-әлеуетін қалыптастыруға және Қазақстан Республикасының "электрондық денсаулық сақтау" саласын дамыту шеңберінде функционалдық, институционалдық тұрақтылықты байланысты іс-шараларды орындау қамтамасыз ету, сондай-ақ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету кезінде инновациялық технологияларды қолдану мүмкіндігін беру мақсатында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелерін модификациялауды</p>	<p>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі</p>	<p>"Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы" ШЖҚ РМК</p>	<p>001 "Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру" 105 "Денсаулық сақтау жүйесін реформалауды қолдау"</p>
109	<p>Денсаулық сақтауды реформалауды әдіснамалық қолдау</p>	<p>Халықаралық озық тәжірибе негізінде денсаулық сақтау саласын реформалауды әдіснамалық қолдау. Қаржыландыру, тарифтерді белгілеу, әлеуметтік медициналық сақтандыруды әдіснамалық қолдау, ұлттық дәрілік саясат, клиникалық тәжірибе, денсаулық сақтауды стандарттау, денсаулық сақтау менеджменті, адами ресурстарды басқару, электрондық денсаулық сақтауды стандарттау, медициналық және фармацевтикалық білім беру, медициналық қызметтердің сапасын реттеу, денсаулық сақтау жобаларын басқару мәселелері бойынша жобаларды іске асыру. Денсаулық сақтау саласындағы инвестициялық саясат бойынша; денсаулық сақтау саласындағы ғылымды, инновациялық қызметті және сараптамаларды дамыту бойынша іс-шараларды орындау</p>	<p>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі</p>	<p>"Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы" ШЖҚ РМК</p>	<p>001 "Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру" бағдарламасы 105 "Денсаулық сақтау жүйесін реформалауды қолдау"</p>
		<p>Қазақстан Республикасының халқына медициналық</p>			

110	Денсаулық сақтау ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау саласында білім беру қызметтерін көрсету	қызметтердің қолжетімділігін және сапасын арттырудың негізгі тетігі ретінде денсаулық сақтау жүйесінің кадрлық әлеуетін дамыту және нығайту	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	"Астана" медицина университеті" АҚ	005 "Денсаулық сақтау ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау"
111	Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қаржыландыруды қамтамасыз етуі, оның ішінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмекті сатып алуды өткізуі, шарттар жасасуы және медициналық қызметке ақы төлеуі, сондай-ақ денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық қызметтердің тұтынушыларына көрсеткен медициналық көмектің сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндеттемелерін орындауына мониторинг жүргізу	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	"Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КЕАҚ	067 "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету" 102 "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер"
112	Қазақстан Республикасында инновациялық медициналық технологияларды дамыту бойынша жұмысты ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының халқын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде инновациялық медициналық технологияларды қолдана отырып, медициналық көмекпен қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	"А.Н. Сызғанов атындағы Хирургия ұлттық ғылыми орталығы" АҚ, "Ұлттық ғылыми медициналық орталық" АҚ, "University Medical Center" корпоративтік қоры, "Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығы" АҚ, "Ұлттық нейрохирургия орталығы" АҚ	067 "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету" 105 "Инновациялық медициналық технологияларды қолдану арқылы медициналық көмек көрсету және шетелде емдеу"

113	<p>Қазақстан Республикасының азаматтарын бюджет қаражаты есебінен шетелге емделуге жіберу, оның ішінде шетелде емделуге үміткер азаматтарды отандық медициналық ұйымдарда емдеу</p>	<p>Қазақстан Республикасының азаматтарын республикада көрсетілмейтін медициналық көмекпен қамтамасыз ету, сондай-ақ шетелдік мамандарды тарту арқылы отандық клиникаларда жоғары технологияларды дамыту</p>	<p>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі</p>	<p>"University Medical Center" корпоративтік қоры</p>	<p>067 "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету" 105 "Инновациялық медициналық технологияларды қолдану арқылы медициналық көмек көрсету және шетелде емдеу"</p>
-----	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

114	Қазақстан Республикасында санитариялық авиацияны дамыту бойынша жұмысты ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының халқын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде санитариялық авиация нысанындағы медициналық көмекпен қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	"Республикалық санитариялық авиация орталығы" ШЖҚ РМК	067 "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету" 107 "Санитариялық авиация нысанында медициналық көмек көрсету"
115	Саламатты өмір салтын насихаттау	Басымдықтарды, концептуалды идеяларды әзірлеу, саламатты өмір салтын насихаттау, әлеуметтік мәні бар аурулардың профилактикасы жөніндегі іс-шараларды әдіснамалық сүйемелдеу және мониторингтеу, жалпы Қазақстан Республикасы бойынша халық арасында өткізілген ақпараттық-коммуникациялық іс-шаралар туралы ақпаратты жинақтау және есептерді дайындау	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	"Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемаларының ұлттық орталығы" ШЖҚ РМК	070 "Қоғамдық денсаулықты сақтау" 104 "Саламатты өмір салтын насихаттау"
116	ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру	Қазақстан Республикасындағы АИТВ-инфекциясының жағдайлары мен таралуын эпидемиологиялық қадағалау, эпидемиологиялық ахуалды бағалау және талдау	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	"ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталық" ШЖҚ РМК	070 "Қоғамдық денсаулықты сақтау" 105 "ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру"

".

2. Осы қаулы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК